



**Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің "Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" 2020 жылғы 3 наурыздағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 3 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қазанда № 1649 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 23 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 1 "Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" (Алматы қаласы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1610 болып тіркелген, 2020 жылғы 12 наурызда № 29 "Алматы ақшамы" газетінде, 2020 жылғы 12 наурызда № 30 "Вечерний Алматы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) аталған шешімнің қосымшасындағы № 204 сайлау учаскесі орталығының атауы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, кейіннен ресми мерзімді басылымдарда және Әуезов ауданы әкімінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Әуезов ауданы әкім аппаратының басшысы Ш. Тұрсынбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласы Әуезов  
ауданының әкімі*

*С. Сайфеденов*

Алматы қаласы  
Әуезов ауданы әкімінің  
2020 жылғы 19 қазаны  
№ 3 шешіміне  
қосымша

**Алматы қаласы Әуезов ауданындағы сайлау учаскесінің орталығының атауы**

№ 204 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Достық шағынауданы, Дастан көшесі, 27а үй, Алматы қаласы Білім басқармасының "№155 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Достық шағынауданындағы Нәуметов көшесінен бастап Сәдуақасов көшесінің батыс жағымен солтүстікке қарай Достық шағынауданындағы Сыйластық (бұрынғы Киевская көшесі) көшесіне дейін. Достық шағынауданындағы Сыйластық көшесінің (бұрынғы Киевская көшесі) оңтүстік жағымен шығысқа қарай Қарғалы өзеніне дейін. Қарғалы өзенінің шығыс жағалауымен оңтүстікке қарай Достық шағынауданындағы Нәуметов көшесіне дейін. Достық шағынауданының Сәдуақасов көшесіндегі барлық үйді қоса алғанда, Достық шағынауданындағы Нәуметов көшесінің солтүстік жағымен шығысқа қарай Достық шағынауданындағы Сәдуақасов көшесіне дейін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК